



Президент Жолдауы - ел болашағы



Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniń joldaýy
Послание Президента Республики Казахстан

КЕЛЕШЕККЕ СЕНИМДІ
ҚАДАМ БОЛМАҚ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің “Халық бірлігі және жүйелі реформалар - ел өркендеуінің берік негізі” атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында ел болашағына арналған келелі мәселелерге баса назар аударды. Енді бес, алты күннен кейін Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығын атап өтеміз. Тәуелсіздік - біздің ең қастерлі құндылығымыз. Ең басты жетістігіміз - біртұтас ел болдық, іргемізді бекітіп, еңсемізді тіктедік.

Соңғы екі жылда әлем елдерімен қатар біз де пандемияның зардабын тарттық. Дегенмен, қиындықтарға қарамастан, бағдарымызды берік ұстанып келеміз. Коронавирус еліміз үшін үлкен сынақ болды. Жолдауда Мемлекет басшысы бүкіл әлемді алаңдатып отырған індетпен күрес жолдарын, осы індеттің біздің елімізге әкелген зияны мен зардабын айта келіп, мемлекетіміздің алдағы дамуына, азаматтардың табысы мен жұмыс орындарының сақталуына, ел тұрғындарының денсаулығына баса назар аударуды тапсырды. Сонымен қатар Жолдаудағы халық игілігі үшін атқарылар ауқымды шаралар жүзеге асырылу керектігі жайында атап өткені көңілге қуаныш ұялатады.

Жолдауда басымдыққа ие болған алты бағыты бойынша жүзеге асырылуы табысты дамуымыздың негізгі факторларына айналды. Ел басшысы қозғап отырған мәселенің бірі баршаға арналған. Елдің көкейіндегі көптеген мәселелер, мәселен, білім беру мен денсаулық сақтау салаларын жақсартуға, ауыл шаруашылығы дамытылмақ, тұрмыс сапасын жақсарту мәселесіне көңіл бөлінуі, шағын және орта бизнес жұмыстарына жеңілдіктер жайында көңіл бөлінгені айтылған.

Биылғы Жолдауда экономиканың негізгі бағыттарын дамытуға басымдық бере отырып, соның ішінде білім саласына да баса назар аударылды. Мәселен педагог қызметкерлердің жалақысын көтеру, сондай-ақ, жас ғалымдардың әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында тағылымдамадан өтуін қамтамасыз ету мәселелерін қозғап, жаһандану заманында бәсекеге қабілетті болудың көрсеткіші білім деңгейімен өлшенетінін тілге етіп өтті. Бұл жолда мемлекеттің білім беру жүйесін тұрақты түрде жетілдіруге, педагогтеріміздің жұмыс жағдайын жақсартуға бағытталған саясаты оң ықпалын тигізуде. Сонымен қатар Жолдауда биылғы қаңтар айынан бастап педагогика саласы қызметкерлерінің жалақысы 25 пайызға

көбейгенін, алдағы үш жылда осы мақсатқа тағы 1,2 триллион теңге жұмсалатыны атап өтілді. Әрине бүгінде қабылданған шаралар жемісін беріп жатыр.

Бүгінгі таңда білім саласындағы реформаларды жүзеге асыруда ұстаздар қауымының еңбегі ерекше.

Осыған байланысты президентіміздің айтқандары барлығымыздың көңілімізден шығып отыр. Білім беру, денсаулық сақтау саласының жақсарып, ұстаздарға қолжетімді, жайлы және қауіпсіз жағдайда өмір сүру мәселелері оң шешімін табатындығына сеніміміз молайды. Бұл стратегиялық мәні мен маңызы зор құжат тәуелсіз мемлекетіміздің барша азаматтары үшін алға қойған міндеттерді жүзеге асыруға жұмылдырушы бастама болатындығы сөзсіз.

Бір сөзбен айтқанда, Президенттің бастамасы еліміздегі мыңдаған азамат үшін өмірге жолдама болмақ. Еліміздің бағындыратын биіктері әлі алда. Еліміз көркейіп дами берсін демекпін.

Гүлнара АҚПАРОВА,
Ю.Гагарин атындағы
мектеп-лицейі директорының
бейіндік оқыту жөніндегі
орынбасары.
Ақадыр кенті.

ВАКЦИНА АЛЫП,
ЖАҚЫНДАРЫМЫЗҒА ЖАНАШЫР
БОЛАЙЫҚ

ҰЖЫМДЫҚ
ИММУНИТЕТ



Ұжымдық иммунитетке қол жеткізу үшін еліміздегі вакциналаумен қамтылған ересек тұрғындар кемінде 60%-ды құрауы тиіс



Вакцинациядан кейін қалыптасқан иммунитет кемінде 1 жыл сақталады, ал коронавирустан жазылып шыққаннан кейін антиденелер орташа есеппен 6 ай сақталады

CORONA
VIRUS 2019/20
kazInf@rm



Көне жәдігер ізімен

КЕЛІ МЕН КЕЛСАП



Келі - дөңді дақылдар мен науат, шақпақ қант төрізді түйір-түйір заттарды түйгіштеп уататын, ұнтақтайтын, қатты ағаштан, тас, темір, шойын сияқты материалдардан жасалған іші қуыс құрал, тұрмыстық бұйым. Бидай, тары, арпа тағы басқа дөңді дақылдарды түюге арналған ағаш келі қатты ағаштың жуан дінінен ортасын 30-35 см тереңдікте ұңғуырмен ою, қашау арқылы жасалады.

Келі қазақ дастарқанының шырайын келтіретін ақталған тары, қуырған бидай, түйілген жарма, құрт, ірімшік, жент сияқты тағамдарды дайындауға қажетті басты тұрмыстық бұйым болған. Сондықтан

шеберлер төзімді, сапалы келі жасау үшін жұмысты ағаш тандаудан бастайды. Өйткені сазда, сортаң немесе сулы жерде өскен ағаштардан

жасауға болмайды. Сазда өскен сары ағашты кептіру қиын, әрі ол кепкенде жарылып кетеді. Сортаң жер ағашының сүрегі тығыз болғанымен, кепкенде қақ айырылады. Таңдап алынған ағашты өңдеп, затты түйіп ұнтақтайтын құрал жасайтын шеберді халық келіші деп атаған.

Келіні тұтас ағаш кесіндісінен ішін үңгіп жасаған. Шеберлер жарылмай көп жылға шыдауы үшін қойдың құйрық майын сіңіріп жаққан. Музейдегі келінің биіктігі 60 см. Келсаптың ұзындығы 116 см. Келсаптың түйетін басы жіңішке келеу салмақты етіп жасалып, қолға ұстайтын жерінен қолайлы қос тұтқа шығарылған. Сақталуы жақсы, шаруашылық қолданыста болған.



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

2022 ЖЫЛҒА БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ
БАСТАЛДЫ

“ШЕТ ӨНІРІ” ГАЗЕТІНЕ 1 ЖЫЛҒА 3915,20
ТЕŃГЕ, 6 АЙҒА 1958 ТЕŃГЕ, ИНДЕКСІ 65060

АУДАНДЫҚ АПТАЛЫҚ БАСЫЛЫМДАРҒА
“ҚАЗПОЧТА” АҚ АУДАНДЫҚ ЖӘНЕ БӨЛІМІ
МЕН ЖЕРГІЛІКТІ БАЙЛАНЫС БӨЛІМШЕЛЕРІНЕ
БАРЫП ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ.



30

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ
ҚАЗАҚСТАН

Қазақстан спорттық ұлт

МЕКТЕПТЕ ӨТКЕН СПОРТ ЖАРЫСТАРЫ

Жақында Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай Ақжал кентіндегі Ш.Батталова атындағы орта мектепте ұлдар мен қыздар арасында баскетболдан жарыс болып өтті. Спорттық бәсекеде 8-10 сынып оқушыларынан құралған командалар қатысып, бақтарын сынады.

баулыған оқушылары аудандық жарыстарда да алдыңғы шептен бой көрсетіп жүретіндіктерін айта кетуді жөн көрдім.

Сондай-ақ, осы жарыстың жалғасы іспетті мерекеге арналып Ш.Батталова орта мектебі мен Ақжал негізгі мектебінің оқушылары арасында шахматтан ашық біріншілік өткізілді. Біріншілікте спортшылар Сансызбай Жандос, Сармантай Ислам, Серіков Ерасыл, Казыбек



Жарыстың ашылу салтанатында мектептің денешынықтыру пәнінің мұғалімі Дариға Рымқұлқызы жиналғандарды мерейлі мерекемен құттықтап, қазіргідей қиын уақытта салауатты өмір салтын насихаттап, спортшылардың шеберлігін шындау өте маңызды екенін айтып, жарысқа сәттілік тіледі. Тартысты да қызықты өткен баскетбол жарысының нәтижесі бойынша ұлдар арасындағы сайыста жүлделі

Сұлтан, Боранқұл Нұрболат, Бұлқайыр Ернар сияқты оқушылар тамаша ойын үлгісін көрсетті. Олар сонымен қатар үлкен жарыстарда үздік ойын көрсетіп, жеңіспен оралып жүрген спортшылар. Мектепте шахмат үйірмесін ашып, оқушыларды шахмат ойынына баулып, үйретіп жүрген Жанасбаев Әжіжан Төкенұлының еселі еңбегін айта кетуге болады. Ойын барысында жас жеткін-

бірінші орынды 10 сынып командасы иеленсе, ал, екінші орынды 9 кадет сынып командасы жеңіп алды. Жарыстағы жүлделі үшінші орынды 8 кадет сыныбының оқушылары қанағат тұтты. Ал, қыздар арасында өткен баскетбол жарысы да тартысты өтті. Өздерінің ойнау шеберлігімен ерекше көзге түскен ұпай санымен жоғары нәтиже көрсеткен 10 сынып командасы жүлделі бірінші орынды жеңіп алды. Ал, осы сайыста екінші орынды 8 а сынып қыздары командасы, үшінші орынды 8 ә сыныбының оқушылары иеленді.

Осы оқушылардың сынып жетекшілері де жарыста ат салысып, оқушыларға қолдау білдірді. Оқушылармен бірге кенттегі спорттың дамуына осы мектептегі бірнеше жыл қызмет атқарып жүрген Д.Ақшолақова өзінің шәкірті болған қазіргі ұстаздар Б.Ибажанов, М.Сартаев, Н.Мейрхандардың спортқа

шіктер бар шеберліктерін салып, тартысқа толы ойын өрнегін көрсетті. Жарыс соңында үздік ойын көрсеткен оқушылар арнайы мақтау қағаздарымен, медальдармен марапатталды. Барлық жеңімпаздарға алда да сәттілік тілейміз.

Мақпал ЕРКЕБЕКОВА,
кент әкімдігінің маманы.
Ақжал кенті.

30

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ
ҚАЗАҚСТАН

Ұлы тұлға

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҚАЙРАТКЕРЛІК МҰРАТЫ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

нимдағы ерекшеліктерін өз кезінде дұрыс көрсетіп, әділін айтқан адамның бірі - Сәкен Сейфуллин. Ол "Еңбекші қазақ" газетіне 1923 жыл, 30 қаңтарда "Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды" деген арнаулы мақала жазған. Біз бұл жерден қазақ зиялыларының арасында Аханды (Ахмет Байтұрсынұлы) ерекше құрмет тұтқаның көре аламыз.

Ахан қазақ елінің тәуелсіздігін, ешкімге бас имеуін қалаған ағартушы, жанашырларымыздың бірі. Өзінің «Жұртыма» деген өлең шумағынан сол Жұртының іс - әрекеттеріне тоқталып өткен.

Бірлік қып іс етуге шорқақ жұртым,
Табылса оңай олжа, ортақ жұртым.
Сияқты қара қарға шуылдаған
Үрейсіз қоян жүрек қорқақ жұртым.
Білмейсің жөнің менен терісінді,
Ел болып іс етпейсің келісімді.
Үміт қып бөйге атындай талай қосып,
Байқадық шабыс түгіл, желісінді.
Жөн айтқан жұртшылыққа адам болса,
Шығасың қолыңа ала керісінді.
Бытырап бет-бетіңе жөнелгенде,
Көрдік қой жайылатын өрісінді.
Келгенде өзді-өзіңе мықты-ақсыңдар,
Қайтейін өзге десе көңішіңді.
Сықылды сынық бұтақ төмендесең,

Кім жұлмас оңайдағы жемісінді?!

Бұл өлең жолдарынан Ахан қазақ халқының білегін буып, біріге алмайтының, қиындықты жеңуге қарағанда оңай жолмен келген дүниені көздейтін, қоян жүректі жаратылысқа теңеген. Басына іс төнген кезде қорқыныштан, бірігіп қарсылық көрсете алмаған, жуас халқын қазақ жерін, оның болашағын қорғап қалуға тұспалдап астарлы шақыру ойы жатыр.

Тәуелсіз ел болу арманы бұнымен тоқтап қалмады. Ахмет Байтұрсынұловтың арманы, келешек ұрпақ жастары арқылы жүзеге асып, қазіргі таңда жарқын, тәуелсіз, көк туын биікке желбіреткен ел атанды. Кешегі тарих батырлар арманы, сол арманға жету барысында болған күрестер мән жайсыз қалмай, жас ұрпаққа сабақ, түрткі болып қалды. Сол түрткі негізінде біз қазіргі дәрежемізге жетіп отырмыз. Осындай ұлы тұлға атанған Ахмет Байтұрсынұлов секілді ағаларымызға бас иіп, еліміздің намысын түсірмей, тек алға тарту қазіргі жастар міндеті екенің есімізге ала отырайық.

Айнара АБДРАХМАНОВА,
Ж.Ақылбаев атындағы мектеп-гимназиясының тарих пәні мұғалімі.

Білім - таусылмайтын кен

МЕКТЕП - БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕНІҢ ОШАҒЫ

Мектеп. Осы бір сөзде үлкен мән-мағына жатыр. Білім ордасында оқушылар сапалы білім мен қатар тәлім-тәрбие алуға. Адам қанша жыл өмір сүрсе де, қандай іспен айналысса да, өмірдегі ең ұмытылмас сәттер білім ордасында өткен уақыт есте қалатыны шындық. Барлық адамзат ең бірінші білімді мектептен алатыны сөзсіз. Ақыл-тозбайтын тон, білім - таусылмайтын кен демекші, өз мектебіміз жайлы айта кеткенді жөн көріп отырмын. Ауданымызға қарасты Бұрма ауылындағы жалпы білім беру мектебінің іргетасы 1980 жылы қаланған. Мектебімізде педагогикалық кадрлар жоғары білімді ұстаздармен қамтылған. Биылғы жаңа оқу жылында мектебімізде ағымдағы жөндеу жұмыстары сапалы жүргізілгенін айта кетуге болады. Ең бастысы жылу мәселесі бірінші орында тұр, сондай-ақ, мектебімізде жаңа инклюзия кабинеті ашылып, балаларға қолжетімді тәрбие мен сапалы білім берілуде. Екі ауысымда білім алып жатқан оқушыларға мектеп


асханасынан тегін тамақ беріліп, жағдайы төмен отбасы балалары оқу құралдарымен, киім кешекпен қамтылуда.

Сонымен қатар, мектепте Рухани жаңғыру бағдарламасы бойынша жоспар бекітіліп, іс шаралар ұйымдастырылып отырылады. Мектебімізде ашылған өлкетану мұражайында әр түрлі бағытта жұмыстар өткізілуде. Өрине мұның бәрі үлкен жетістік деуге болады.

Мектеп - білім айдынындағы үлкен кеме деп дұрыс айтылған. Осы кемеде білім берумен қатар ұстаздардың еңбектері зор екенін айта кетуге болады. Мәселен мектеп директоры Бақытгүл Оразбек, оқу ісі жөніндегі орынбасары Маржан Жұмашева, тәрбие ісі орынбасары Гүлжан Құнанбаева көп жылдар еңбек еткен мұғалімдеріміздің бірі, желтоқсан оқиғасының қатысушысы Г.Ахмет, Ш.Әбдікерова, бастауыш сынып мұғалімі Т.В.Вихлявалар білім мен тәрбиеге үлес қосып, жұмыстарын жемісті жалғастыруда. Міне, аз күндерден кейін

Тәуелсіздігімізге 30 жыл толмақ. Бұл орайда мектебімізде ауыз толтырып айтатын жетістіктеріміз, атқарған істеріміз айтуға тұрарлық. Оқушыларға білім берумен қатар спорт үйірмелері, кітапхана, компьютерлік сыныптар жұмыс атқаруда. Сонымен қатар оқушылардың сабақтан тыс қосымша білім алуларына мүмкіншіліктер бар. Мектеп - алтын ұямыз, екінші үйіміз деп жатамыз. Жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беруде ұстаздар ұжымы қажырлы еңбек ете береді.

Сабира МАЙКАНОВА,
орыс тілі пәнінің мұғалімі.
Бұрма ауылы.





Балалар фестивалі

УАҚЫТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫН ҒЫЛЫМ МЕН ТЕХНОЛОГИЯ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ



Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Қарағанды қаласындағы Абай атындағы балалар кітапханасының ұйымдастыруымен балалар әдебиеті жылына арналған «Қарағанды библиодайвингі» аясында аудандық балалар кітапханасында «Уақыттың қозғалысын ғылым мен технология жүзеге асырады» тақырыбында фестиваль болып өтті. Фестиваль ZOOM платформасында Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттар басқармасының басшысы Е.Жұмакенов және Абай атындағы балалар кітапханасының директоры Б.Уатаева құттықтап, салтанатты түрде ашты.

Фестивальді өткізуге Шет аудандық балалар кітапханасының тұрақты оқырмандары, Ж.Ақылбаев атындағы мектеп-гимназияның 6-сынып оқушылары, «Жас сарбаз» 9 «ә» сыныбының оқушылары, еріктілер Ораза Нұртілек, Нұржан Саламат және Егінбай Жандәулет, аудандық археологиялық-этнографиялық музейінің қызметкері Б.Баямановалар ат салысты.

Мерекелік бағдарлама барысында «Ойла да, ойна» деген тақырыпта «Кубик-рубик» алаңын кітапханашы А.Нұршаева ұйымдастырып, балаларға әр түрлі ертегі кейіпкерлерін және роботтарды құрастыруға көмектесті.

«Жаңа технология жетістіктері» алаңында кітапханашы Ж.Сезімхан тұз, ас содасы, тауықтың жұмыртқасы, шар, сірке қышқылы, кальций глюканаты, су, тіс шұғығыш сияқты әр үлгілерден бірнеше тәжірибелер жасады.

«Роботтар әлемі» алаңында әдіскер А.Бәкірова және «Жас сарбаз» 9 «ә» сыныбы-

ның оқушылары, еріктілер Нұртілек, Саламат және Жандәулеттер робототехника туралы жалпы мағлұмат бере кетіп, өздері құрастырған роботтарының құрылымын айтып өтті.

«Көрінбейтінді ашатын құрылғы» атты микроскоп алаңын кітапханашы А.Қойшыбаева пияз жасушасы, өсімдік жасушасы, жануарлар жасушасы, жапырақ жасушасы, зең (көгерген) мукоры және т.б. тірі ағзалардың жасушаларын микроскоп арқылы көрсетті.

«Өлкенің гүл жайнаған балғындары» ашық микрофон алаңын кітапханашы Ж.Сезімхан ұйымдастырып, фестивальға келген оқырмандар арасында Ж.Ақылбаев атындағы мектеп-гимназияның 6-сынып оқушылары Мейрамова Айсара «Көне тараз», Беркина Ақмарал «Келіншек» күйлерін тартты, сонымен қатар Мейрамбек Жәния, Ораза Нұртілек, Беркина Ақмарал мөнерлеп өлең оқып берді.

«Ғылым мен техника әлемі» кітап аймағын кітапханашы А.Қойшыбаева ұйымдастырып, таныстырып өтті. Көрмеде ғылым мен техника және технология туралы

кітап қорындағы кітаптар қойылды. Сонымен қатар, ұлы адамдардың қанатты сөздері, кітаптардың ақпараттық беттері мен жаднамалар назарға ұсынылды.

«Біздің айналамыздағы тарихи ескерткіштер» тақырыбында аудандық археологиялық-этнографиялық музейінің этнография залына экскурсияға барып, музей қызметкері Б.Баяманова келген оқырмандарды қызықты жәдігерлермен таныстырды.

«Ертегілер еліне қош келдіңіздер!» кино залында қазақтың «Ер Төстік» ертегісі қойылып, балалар қызыға тамашалады.

Мерекелік шара соңында фестивальге қатысушылар роботтармен суретке түсіп, түрлі ойындар ойнатылып, балаларға тәттілер үлестірілді.

Ляззат ШІЛКБАЕВА,
аудандық балалар кітапханасының меңгерушісі.

КЕНТТЕ ӨТКЕН БАЛАЛАР ФЕСТИВАЛІ

Жақында Ақадыр кенттік балалар кітапханасында Қарағанды қаласындағы Абай атындағы балалар кітапханасының ұйымдастыруымен Балалар әдебиеті жылына арналған «Қарағанды библиодайвингі» аясында Ақадыр балалар кітапханасында «Уақыттың қозғалысын ғылым мен технология жүзеге асыра-

ды» тақырыбында балалар фестивалі өткізілді.

Фестивальді ZOOM платформасы арқылы Абай атындағы балалар кітапханасының директоры Б.Уатаева ашты.

Әрі қарай кітапханашылар оқушыларды бағдарламалармен таныстырып фестивальді жалғастырды. Оқу залына «Қызықты ғылымдар әлемін-

де» тақырыбында дәстүрлі және виртуалды кітап көрме ұйымдастырылып таныстырылды.

Балалар фестиваліне Ә.Ермеков атындағы ЖОББ, М.Мәметова атындағы ЖОББ мектептері, Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицейінің 5-7 сынып оқушылары келіп қатысты.

Фестивальда түрлі ойындар ойнатылып, «Тәжірибелер мен эксперименттер», «Робототехника», «Телескоп пен микроскоп» атты алаңдары ұсынылды. «Өсем өуен әлемі-балалық шақ» атты ашық микрофон ұйымдастырылып, фестивалдің соңында кітапханада кино зал жасалып «Алдар Көсе» мультфильмі көрсетілді. Мереке өте көңілді, ерекше әсермен өтті.

Ақадыр кенттік балалар кітапханасы.



Жыр жауқазын

ЕЛБАСЫ - ЕЛ МАҚТАНЫШЫ

Елінің азаттығын ойлаған жан,
Мойындатып бар халықты
жинаған жан.
Тәуелсіз боламыз деп
еңбек етіп,
Елінің сүйіктісі атанған жан.

Елін, жерін көгерткен патриот
дер ем,
Қазақ үшін ұмытылмас
ерекше жан.

Көшбастаған қазаққа
кеменгер жан.
Елеулі еңбегімен үлгі болған.

Жанай ҚАЛДЫБАЙ,
Ж.Ақылбаев атындағы
мектеп-гимназиясының 4
сынып оқушысы.

ТӘУЕЛСІЗДІК

Тәуелсіздік болу керек әр
жерде,
Тәуелсіздік бұзылмасын бар
кезде.
Өрқашан тәуелсіздік алда ғой,
Өр таң талай келе жатқан
бұзылмай.

әрдайым.
Ел аман, жұрт тыныш
болсын деп,
Тілейміз біз сәбилік ақ
көңілден.

Тәуелсіздік аялаймыз біз мәңгі,
Құрметтейміз, бас иеміз

Инжу ЖАНБОЛАТ,
Ж.Алтайбаев негізгі орта
мектебінің 5-сынып
оқушысы.

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ

Тәуелсіздік еліміз бар аман есен,
Толды міне, егемендікке 30 жыл.
Ақтадық біз ата-баба үмітін,
Бақыт құсы самғай берсін көгімде.

Тәуелсіздік халқымның мақтанышы,
Бағалайық баршамыз барымызды.
Осы күнге жеткеніміз біздердің,
Аға, апалар арқасы деп білеміз.



Жанерке ТҮГЕЛБЕК,
Ж.Алтайбаев негізгі орта
мектебінің 9-сынып оқушысы.

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ ҚАЗАҚСТАН

Тәуелсіздік алған күнім егемен,
Бұл күнге адамда
онайшылықпен жетпеген.
Талай қанын төккен жандар
біз үшін,
Мерекеміз осы күнге
тіркелген.
Мерекең құтты болсын
арда қазақ,
Бұл өлеңді мен сен үшін
арнадым.
Қазағымның ең бақытты күні
бұл,
Мың тоғыз жүз сексен алты,
он алтыншы желтоқсан.

Өлемдегі ең бақытты адаммын,
Тәуелсіз елде мен ержетіп
келемін.
Қазақ елім ең керемет
мекенім,
Мен сен үшін мақтана да
аламын!

Аяла ӘЛҒАЗЫ,
Ж.Алтайбаев негізгі орта
мектебінің 7-сынып оқушысы.

ТӘУЕЛСІЗДІК

БАҚЫТЫ ЕЛІМ МЕНІҢ

Тәуелсіздік елім менің неткен
көркем,
Осы елімді мәңгі қорғап өтемін.
Елім менің мәңгі жасай берсін
деп,
Сол ел үшін патриот болып
кетемін.

Тәуелсіздік бақытты елім
менің,
Көркейген өдемі өсем жерім
менің.
Өз елімді қорғап өтем мәңгіге,
Халқым бар да желбірейді
көк туым.



Жігер ТАЙТӨЛЕУ,
8-сынып оқушысы.
Жарылғап батыр ауылы.





30

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ
ҚАЗАҚСТАН

Тәуелсіздік - тұғырың

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ СОТ ТӨРЕЛІГІНІҢ ДАМУЫ

Сот билігінің тәуелсіздігі және әділ сот талқылау құқығы, Соттың тәуелсіздігі - құқықтық мемлекеттің негізгі принципі.

Тек күшті және тәуелсіз сот жүйесі ғана халық бостандығының басты кепілі екені түсінікті. Сот билігі неғұрлым күшті және тәуелсіз болса, азаматтар мен ұйымдардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау деңгейі соғұрлым жоғары болады.

Осыған байланысты, тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап Қазақстан сот жүйесін қалыптастыру бойынша түбегейлі қайта құрулар жүргізуге мәжбүр болды, сот жүйесін одан әрі жетілдіру жолдарын іздеді.

Қазақстан Республикасының қазіргі сот жүйесінің қалыптасуының негізін қалаған алғашқы құжат 1990 жылы 25 қазандағы «Қазақ КСР мемлекет егемендігі туралы» Декларация болып табылады, онда алғаш рет мемлекеттік билікті бөлудің ең маңызды қағидасын үш тармағын орнатты: заң шығарушы, атқарушы және сот. Осылайша, Қазақстанда жаңа сот жүйесін құрудың бірегей мүмкіндігі бар, уақыт талаптарына сәйкес соттарға сот төрелігін жүзеге асыру үшін соттарға толық өкілеттіктер берілді.

Сот жүйесін реформалау тек Конституция нормаларында ғана емес, қолданыстағы заңнамада да көрініс табуы тиіс.

Кез келген мемлекеттің сот жүйесі тұрақты және консервативті болуы керек, тұрақты реформалар тек биліктің сот тармағының нығаюына зиян келтіреді, бірыңғай сот практикасын қалыптастыруға ықпал етпейді, әсіресе тұрақты заң-

нама болмаған жағдайда. Қазақстандағы шексіз реформалар сот жүйесіндегі турбуленттіліктің, қоғамда орынды сын туғызатын сот төрелігін жүзеге асыру сапасының төмендеуінің басты себептерінің бірі болды.

Қазақстанның жаңа тарихының 30 жылында сот жүйесінде не болды? Бұл реформалардың жағымды жақтарын атап өтейік, бұл - соттардың мамандануы, соттар мен судьялардың мәртебесінің артуы, әсіресе, соңғы жылдары сот кадрларын іріктеудің жаңа жүйесі, жаңа сот процестерін енгізу және татуластыру, процедуралар. Алайда реформалардың теріс жақтары сот жүйесіне ауыр тиді. Осылайша, бірнеше сатыдағы соттардың бастапқы қолданыстағы және негізделген үш сатылы жүйесі бес сатылы жүйеге келтірілді, бұл істердің юрисдикциясына қатысты күрделі процессуалдық өзгерістерге әкелді. Және де бұл қоғамға сот жүйесін дамуы мен жетілдіруінің оң факторы ретінде ұсынылды. Содан кейін соттардың үш сатылы жүйесіне қайта оралу ұсынылды. Және бұл да реформаторлық жаңалық ретінде жарияланды Шын мәнінде, жиырма жыл ішінде ойланбаған және қажетсіз сот реформаларының нәтижесінде посткеңестік кеңестік елдеріне тән мемлекеттік соттардың классикалық үлгісі жойылды. Сонымен қатар, сот жүйесінің дамуының әлемдік тарихы сот жүйесінің консерватизмі мен тұрақтылығын болжайды. «Терең реформаларды» жүргізудің қажеті жоқ, бірақ соттардың қолданыстағы жүйесін нығайту, судьялық лауазымдарға кадрларды іріктеудің қолданыстағы жүйесін жетілдіру, бюрократиялық кедергілерді жою және кез келген адамға судьялық лауазымға орналасуға мүмкіндік

беру қажет. Академиялық білімі жоғары, қажетті кәсіби дағдылары бар және жоғары этикалық талаптарға сай келетін қазақстандық заңгер. Сот төрелігін жүзеге асыру сапасын жақсартатын, істердің юрисдикциялық мәселелері бойынша процессуалдық заңнамаға қажетті өзгерістер енгізетін қолданыстағы сот жүйесі негізінде соттардың мамандануы жалғастыру. Ақырында, сот жүйесін нығайтудағы басты мәселелердің бірі - заңдылық пен соттар мен судьялардың шынайы тәуелсіздігін қамтамасыз ету.

Жоғарғы Сот жанындағы соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті Сот баламалы (электронды) енгізу мәселесін әзірлеуде сот ісін жүргізуге қатысушылардың хабарландыру форматтары, атап айтқанда нұсқалар SMS-хабарламалар арқылы күн төртбін жіберу. Сот залдарын дыбыс және бейнежазу жүйесімен жабдықтау сот төрелігін жүзеге асыру деңгейін жоғарылатудың және азаматтардың құқықтарын сақтау кепілдіктерін күшейтудің тиімді әдісі болып табылады. Судьялар мен сот қызметкерлеріне жұктемені азайтудан және хаттамаға түсініктеме беруден басқа, ұзақ мерзімді перспективада бұл шара іс жүргізуді жеңілдету үшін процессуалдық нормаларды енгізуге мүмкіндік береді. Департаменттің маңызды жетістіктерінің бірі - соттарға азаматтық, қылмыстық істерді енгізу және оларды электронды сот өндірісінде қарау («электрондық сот»). Цифрлық технология дамыған нарық заманда жоғары технологиялық ақпараттық құралдар күн санап дамып келеді.

Сот саласындағы электрондық-ақпараттық технологиялық бүгінде соттық қорғаудың

ашықтығы мен тиімділігінің жаңа деңгейін құрып, сот өндірісінің дамуына ықпал етеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 және 2016 жылдардағы судьялар съезінде сот жүйесін жетілдіруге қатысты берген тапсырмаларын орындау мақсатында сот өндірісінде инновациялық технологияларды кеңінен қолдану алға қойылған болатын. Міне, сол уақыт аралығында сот жүйесіне халықтың сотқа деген қолжетімділігі мен сенімін арттыруға ықпал ететін ақпараттық-электрондық технологиялар енгізіліп, бүгінде қарқынды түрде қызмет түрлерін көрсетіп жатыр. Солардың бірі, бірыңғай «Сот кабинет» ақпараттық сервисімен жүйеленген «ТӨРЕЛІК» ЭАЕК бағдарламасы арқылы сот органдарының жаңа автоматты ақпараттық жүйесі ақпараттық деректерге жедел қолжетімдік, сенімділіктің жоғары дәрежесін қамтамасыз етеді. «ТӨРЕЛІК» ЭАЕК бағдарламасының жүйесі арқылы мемлекеттік органдардың деректер базасымен біріктірілген. Сот кабинеті онлайн режимде талап арыз, жүгінулер, пікірлер, шағымдар, қарсы талаптар беруге мүмкіндік береді. Одан басқа, интернет арқылы істің өтуін қашықтан қадалауға болады. Осының барлығы үйден немесе кеңседен шықпастан жүзеге асырылады, бұл деңгейіміз уақытты үнемдеу. Ал сот процесінің қатысушыларын сот отырысының өту орны мен уақыты туралы соттардың уақытылы хабардар ету мәселелерін шешу мақсатында Жоғары Соты «Гибридті электрондық почта», СМС-хабарламалар және push- хабарламалар, «Сотқа шақыру қағазы» сервистерін іске қосты. Сонымен қатар «Е-өтініш» ақпараттық жүйесі қосылды, оның ерекшелері және қызметі; мемлекеттік органдардың құзыретіне қарай өтініштерді автоматты түрде бөлу, мемлекеттік органдар арасында сауалдар санын онтайландыру есебінен өтініштерді қарау мерзімін

қысқарту, өтініштерді қарауда барлық саты мен мерзім бойынша өтініш берушіні ақпараттандыру, мемлекеттік органдарға түскен өтініштердің бәрінің бірыңғай базасын құруға мүмкіндік беру.

Инновациялық технологияларды қолдану соттар жұмысының тиімділігін арттырады.

Сондай-ақ, Жоғарғы Сотпен сот құжаттарының электрондық көшірмелерінің ұзақ мерзімді және сенімді сақталуын, құжаттар мен аудио-бейне жазбалардың мәтіндеріне тез қол жеткізуді қамтамасыз етуге арналған «Сот құжаттарының электронды мұрағаты» инвестициялық жобасы бойынша жұмыс жүргізілуде. Электронды өзара әрекеттесуге көшу іс жүзінде әділет органдары қызметінің барлық негізгі түрлерінің трансформациясын білдіреді және күрделі қаржылық шығындарды және өзара байланысты құқықтық, өкімшілік және технологиялық мәселелердің тұтас кешенін шешуді талап ететін күрделі процесс болып табылады.

Соттар ашық, әрі қолжетімді бола түсті. Яғни, заманауи технологиялардың сот саласында қолданылуы сот ісін жүргізуді жеңілдетті, бюрократтық кедергілерді жойып, сот жүйесі қызметкерлерінің азаматтармен тікелей қарым-қатынастарын азайтты, ол сыбайлас жемқорлықпен ұштасатын сұрақтардың туындамауына септігін тигізді. Сонымен қорыта келе ақпараттық технологиялар бұл арада сот жүйесінің ашықтығы мен қолжетімділігін айқындайтын, халық пен соттардың арасында жол салатын кепір болып табылады.

Бұл қызметтерді құрудың негізгі мақсаты - сот жүйесінің жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимылын сапалы түрде жақсарту.

Серік СӘКЕНОВ,
Шет ауданының №2
аудандық сотының
төрағасы.

Ұстаз тәлімі

МАТЕМАТИКА - ҒЫЛЫМДАРДЫҢ ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗЫ

Математика бір салалы ғылым, ол бір түрлі білімдік жүйе әрі берік логикалы ой қорыту арқылы қалыптасқан, ақиқат дүние жөніндегі кеңестік форма және сандық тәуелділік пен ой қорыту формасы туралы теорияланған білімнің жиынтығы. Ол адамдардың «ақиқат дүниенің кеңестік формалары мен сандық тәуелділігі» жөніндегі танымдарын бейнелеп қана қоймай, оның үстіне адамдардың «ой қорыту формасы» туралы танымдарын да бейнелейді. Математика-жаратылыстық ғылым. Жаратылыстық ғылым болғанда да басқа жаратылыстық ғылымдардың негізгі, ғылымдардың патшасы. Жалпы адамзат тарихына үнілсек, математика ғылымының кіндігі де, тұсауы да кесілген жер-ертедегі Шығыс, яғни ежелгі Египетте, Финикияда, Қытай мен Индияда, екі өзен аралығындағы Вавилонда алғашқы математикалық тұжырымдар пайда болған. Сайын далада көшпелі ғұмыр кешкен біздің ата-бабаларымыз үшін де математика ғылымы жат бол-

маған. Қазақ - тумасынан математик, дарынды да қарымды халық. Оған ешкімнің дауы болмаса керек. Қай дәуірді алсаң да, қазақтың қайраткерлері айбынымен де, айбарымен де, ақыл-парасатымен де, қарым-қабілетімен де дараланып тұрады ғой. Ғылымды өмірінің мән-мағынасына балаған, мамандығын ар туындай ұстаған Асқар Жұмаділдаев «Қазақ балалары математикаға өте қабілетті келетіні рас. Қазақ-ілім-білімнің кез келген саласына бейім халық. Оның бір себебі - біздің ұлтымыздың өз тарихында көп сұрыпталғанынан. Небір алапатқа ұшырадық. Мұндай құбылыс адам бойында ширығуды, өмірге, қоғамға икемделе өмір сүруге деген ішкі түйсікті оятады. Ішкі түйсік логикаға, ал логика есепке жетелейді», - деген болатын. Сондай-ақ, ол ертедегі қазақ жылқышыларының алдынан ағын судай жөңкіліп өтіп жатқан үйір-үйір жылқыны көзбен «іліп» санап үлгеретіні және ойыншы жігіттердің «теңге ілу», «жамбы ату» ойындарында

теңгені қапысыз іліп алу не жамбыны қағып түсіру үшін белгілі бір арақашықтық, ағызып келе жатқан аттың жылдамдығын, қас-қағым уақытты асқан дәлдікпен есептеп әрі тепе-теңдік сақтауы қазақтың асқан математикалық интуицияға, қабілетке ие болғанын дәлелдейтіні жөнінде әдемі пікірін білдірді. Ғалым-математик өзінің осы сұхбатында батырлар жырын қызыға оқып өскен қазақ баласы ондағы бейнеленетін тұлпарлар шабысына еліктейтін тұрмайтынын да айтады. «Себебі бұл - динамиканың, қозғалыстың көзге көрінбес жері, ықпалы. Динамика - математиканың қозғаушы элементі», - деп тұжырым жасайды. Асқар Жұмаділдаев ағамыздың осы ой-толғамдарының алдында мен бас ием. Сары далада ұшқан құспен, жүрген анмен, жауған жаңбырмен, соққан желмен жарыса өскен қазақ баласының қанында ата-бабаларынан дарыған қисын, логика, динамика бар екендігіне көзім жеткені рас. «Сүйер ұлын болса, сен сүй,

сүйсінерге жарар ол», - деп Абай атамыз айтпақшы, қазақ жерінде математиканың сүйегін кемірген ғалым ағаларымыз баршылық. Осы заманда математика ғылымының Қазақстанда дамуы, әлемдік аренаға шығуын сөз етсек, академик-ғалым, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының иегері Орынбек Жәутіков Ахметбекұлының есімі еріксіз ойға келеді. Оның физика-математика ғылымдарына сіңірген еңбегі өлшеусіз. Орынбек Жәутіков - ардақты есім! Босаға жалпы білім беретін орта мектепте 40 жылға жуық математика пәнінен ұстаздық қызмет атқарып келе жатқан Ахтаева Майра Зейінқызы өз шәкірттеріне бар білімін беріп, үйретуде. Майра Зейінқызы қызығы мен қиындығы қатар жүретін ұстаздық қызметінде адал қызмет атқарып келе жатқанын айтты. Бір қызығы менің анама да сабақ берген кісі екен. Ол кісінің нәтижелі жұмысының арқасында шәкірттері жоғарғы оқу ортандарына түсіп білім алуда. Жеткен жетістіктері де өте көп. Ұстаздық жолда марапатынан бұрын, еңбексүйіштіктің жоғары қояды. Оқушыларының бәрі - озық ойлы» дейді ұстаз тәлімін

алған шәкірттері. Көбісі сол ұстаз берген білім арқасында республиканың жоғары оқу орындарының грантын жеңіп алды. Мұғалім мәртебесінің биік тұсы - осы шығар. Қазақ ғалымдары математика ғылымының өсіп-өнуіне үлес қосып, өзінің айшықты ізін қалдыра білді. Математиканың менің елімде өрісін тауып отыруы Қазақстанның қарқынды дамуына жол ашып, алдыңғы қатарлы экономикасы мықты ел қатарынан табылатынына сенемін. Өйткені, математика - дүниені түлететін, жаңартатын, ел мерейін өсіретін ғылым.

«Өз жұртына жұмыс қылып, еңбек сіңірген адамдарды қадірлеу - елдіктің белгісі», - деп белгілі арысымыз Халел Досмұхамедұлы айтпақшы, ғалымдарымыз еңбегімен халқымыздың зор құрметі мен сүйіспеншілігіне бөлене берсін! Жаса, жарқырай бер, математиканың жарық жұлдыздары.

Дәурен ДӘУЛЕТ,
Босаға жалпы орта
білім беретін мектептің 8
сынып оқушысы.
Босаға ауылы.



Редактор Салтанат Тұяқбайқызы ЖОСАЛБАЙ

Құрылтайшысы және меншік иесі: ЖК Садуақасов М.Д. Редакция мекен-жайы: Ақсу-Аюлы, Шортанбай жырау даңғылы, 73 үй. Газет аптасына 1 рет, бейсенбі күндері шығады. Таралымы 1000 дана. Газеттің басылу сапасына "Арқо" баспаханасы жауап береді. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияда теріліп, беттелді. тел/факс: 2-11-42, 50-9-03 Эл. пошта: Shshugla@mail.ru Қарағанды қаласындағы "АРКО" баспаханасында басылды. (Қ.Сәтбаев көшесі, 15) Тел: 8 7212 411780.

Бухгалтерия тел. 79-0-81

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2019 жылы қаңтар айының 4 күні қайта тіркеуден өтіп, тіркеу туралы №17436-Г куәлігі берілген.